

**Тақырыбы:** Жиенғали Тілепбергенов шығармашылығы.

**Дәріс мзмұны:**

1. Жиенғали Тілепбергенов
2. **Баспаға жетпей тәркіленген құндылық**

**Дәріс мақсаты:** Жиенғали Тілепбергеновтың өмірімен таныстырып, ұстаздық жолындағы, редакторлық қызметі кезіндегі шығармаларының арқауы неде екенін табу.

Жиенғали 1895 жылы Темір ауданының №47 ауылында, қазіргі Мұғалжар ауданындағы Жем қаласында дүниеге келеді. Тамыры (руы) – Байдос Жекей. Қарапайым шаруаның отбасында туған әкесі Әділ өте момын, шаруа адам болған. Жазушының бұл туралы бір естелігінде: «Мен өзім бір кедейдің баласы болдым, әрі момын әлсіз атаның тұқымы болдық та, ол кездегі орысша үшкелдерге қалай кірердің де мәнісін білмейтін едік. Ауылдағы молдадан оқып, шала-шарпы хат танып, байларға жалданып жүрген жерімнен жадитшіл (жаңашыл) мұғалім болып жүрген нағашым бар еді, соның «азғыруымен» қаржылай жәрдемімен Орынбордағы «Хұсайния» деген татардың жәдит медресесіне кірдім» деп жазады.

### **Білім жолына қадам**

Байдың малын бағып, ауылдың Оспан есімді молдасынан діни сауат ашқан Жиенғалидің білім жолына ден қоюына нағашысы Абдолла Беркінов үлкен ықпал етеді. Жазушының естелік сөзіндегі жаңашыл мұғалім деп отырғаны сол кісі.

«Хұсайния» медресесінде Жиенғали Мұғалжар топырағынан шыққан ұлы тұлға, қазақ тілі білімінің негізін қалаушылардың бірі Құдайберген Жұбановпен бірге оқып, екеуі мызғымас достығы жарасқан жолдас болады. Жиенғалидің білім жолына түсуіне нағашысы Абдолла жәрдем берсе, Жиенғали өзінен бірер жас кіші Құдайбергеннің ғылым жолына шырақ алып шығуына ықпал етеді. Олар бұған дейін Ащықұдықта ашылған «Үміт» мектебінде қатар білім алады. Ұстаз Абдолла Беркіновтің бұл туралы мынадай естелігі бар: «Ащықұдықтан «Үміт» мектебі ашылып, Хұсайын Ашығалиев екеуміз сабақ беріп жүрдік. Бірде орта шаруа Қуан екі баласын ертіп келіп мектебімізге қосты. Үлкені – Құдайберген, кішісі – Ахмет, осы «Үміт» мектебінде алғаш рет қалам ұстап, білім тарауларын ашты. Қуанның екі баласы да зеректігімен көзге түсті. Бір ерекшелігі – үлкені салмақты, ойшыл еді, ал Ахмет – күлдіргі, ұтып сөйлейтін. Құдайберген он төрт жасқа келгенше осы біздің мектепте білім алды. Одан кейін сүйікті шәкірттеріміздің бірі – Жиенғали Тілепбергенов екеуі Орынборда «Хұсайния» медресесінде білімін жалғастырады».

Көп ұзамай Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесіне оқуға түскен Жиенғали Құдайберген досынан уақытша ажырап қалады. Бұл 1915 жылдары болатын. Ол медреседе дін негіздерімен қатар, математика, физика, химия, тарих, философия, медицина мен ветеринария негіздері бойынша білім алады.

### **Садақпен қауышу**

Әуелгіде шырқау шабытпен шимақтап өлең жазып, қара өлеңнен ұйқас құрып жүрген қаламгер енді қаламын жазушылыққа қарымдай бастайды. Нақтырақ айтқанда, медреседегі қазақ шәкірттерінің қолға алуымен айына екі мәрте шығарылған «Садақ» қолжазба журналы оны шығармашылыққа шыңдайды. 1915 жылдан бастап жарық көрген журналды шығару ісінің басы-қасында алғашында Бейімбет Майлин жүрсе, журналдың 1918 жылғы ақырғы санына дейін Жиенғали жетекшілік етеді. Медресе шәкірттерін көркем сөз жазуға үйрету, елдің санасын сәулелендіру, ұстаздыққа баулу, халық қазынасымен таныстыру, оқу бағдарламаларын жасау, журнал шығаруға төселдірумен қатар, қазақ шәкірттерінің әлеуметтік мәселелерін шешу бағытында шығарылған «Садақ» журналына Жиенғалидің әңгімелері, мақалалары, ел арасынан жинаған әдебиет нұсқалары жарияланады. «Сәлемдесу», «Қысқасы қияметке кетпес», «Тұрымтай мен Жағалтай», «Ескерткіштен бір бөлек» секілді тырнақ алды туындыларының тұсауы осы журналда кесіледі. Қаламы ұшталған жазушының шығармашылық дүниелері сондай-ақ, сол кездегі «Айқап», «Қазақ», «Сарыарқа», «Алаш» сияқты бетке ұстар баспасөз беттерінде де «Т.Ж.», «Жекей» бүркеме есімдерімен жарық көреді.

### **Ұстаздық жол**

Аталмыш білім ордасын 1918 жылы тәмамдап келген жазушы бірден елге оралды. Алайда бұл Кеңес үкіметі орнап, қара халықтың ортасында қызыл әскерлердің қылышы сұмандап, құдайсыздық дәуірдің белең алған тұсы еді. «Алласын» аузына алған иманды адамның басына әңгір таяқ ойнатқан қысылтаяң тұста, бұған дейін де ауыл арасында «мектеп молда» атанып келген Жиенғали енді молда емес, мұғалімдікке бет бұрады. Медреседе дін саласынан бөлек өзі оқыған «дүнияауи» сабақтары бойынша ауыл балаларының сауатын ашады. Осылайша ол ағарту, мәдениет, баспасөз майданына араласады. Оның алғашқы еңбек жолы «Қандығаш» мектебінде мұғалімдіктен басталады.

1920 жылы халықты жаппай сауаттандыру бағытында кадр тапшылығына байланысты Қонжар деген жерде мұғалімдер даярлайтын қысқа курс ашылып, осы курстың негізгі ұйымдастырушысы Жиенғали Тілепбергенов ана тілі мен ана тілін оқытудың әдістемесінен сабақ береді. 1921 жылы Темір уездік оқу бөлімінің меңгерушісі қызметін қолға алған ол Құдайбергенмен қайта қауышады. Ол кезде Қуанның үлкен ұлы сол уездік оқу бөлімінің басшысы қызметінде болатын. Бұл жолы қос жерлес бірлесіп сауатсыздықты жою ісіне атсалысады. Олар жұртты сауаттандыру бағытында еңкейген қариядан еңбектеген балаға дейін білім нәрімен сусындатып, өңірден мектептер ашады. Темірден мұғалімдерді даярлайтын техникумды ашып, оған басшылық етеді. Қазақстанның қарт баспагерлерінің бірі, және бір жерлесіміз Хайрулла Меңдібаев Құдайбергеннің әңгімесін еске алып өз естелігінде:

«Жиенғали Тілепбергенов екеуі (Жиенғали да уездік оқу бөлімінде инспектор болып қызмет атқаратын) 4 айлық курс ашып, ана тілі, ана тілін оқытудың методикасы жөніндегі мұғалімдерге ақыл-кеңес бергендерін,

Темір-Орқаш болысының Тепсең, Шилі, Қопа секілді ауылдарында тұңғыш мектептер ұйымдастырғандарын, ал осы жылдың жазында уездің барлық советтерінде сауатсыздарды оқытатын мектептер ашуды ұйғарып отырғандарын айтты», — деп жазады.

### **Редактор Жиенғали**

1925 жылдың мамырында Қызылорда (Ақмешіт) қаласында (сол кездегі Қазақстанның астанасы) Қазақстан ағартушы қызметкерлерінің I съезі өтіп, Ж. Тілепбергенов делегат болып қатысады. Дәл сол съезден кейін 1918-1925 жылдар аралығында Темір уезінде елеулі еңбек етіп, ағартушылық жолда ізін қалдырған Жиенғалиді Құдайберген Жұбанов Ақтөбеге шақырады. Мұнда келген соң ол «Кедей» газетінің алғашқы редакторы Кенжеғали Ғабдуллиннен кейін редактор қызметін қолға алады. Газет қызметімен қатар қоғам өміріне де, әдебиет қызметіне де ерекше ынтамен араласады. Сонымен қатар, педагогикалық техникум, партия-кеңес мектебінде мұғалімдік қызметті қоса атқарады. Оның шебер ұйымдастырушы, қаламы жүйрік журналист, жазушы екендігін байқаған өлкелік партия комитеті Петропавл қаласында басылатын «Бостандық туы» газетінің редакторлығына тағайындайды. Онда ол Мағжан Жұмабаев секілді белгілі қаламгерлермен бір ұжымда жұмыс істейді. Қабілетті қаламгер мен дарын иелерінің ортасында жүріп одан әрі шыңдала түскен Жиенғалидің туындылары осы уақытта баспасөз бетінде көп жарияланады. Ол жүрдек жазушы-журналист болатын. Оның ұшқыр қаламынан туған, орақ оймен жазылған әрбір оқылымды дүниесі оқырманға төтелей жол тартатын, екінші қайтара түзетуді қажет етпейтін-ді...

### **Редакторлықтан директорлікке**

Екі жыл газет редакторы болып, газет жұмысын жолға қойғаннан кейін 1927 жылдың тамыз айынан бастап қазақ педагогика техникумының директоры қызметіне ауысады. Қазақ тілі мен әдебиеті, оның әдістемесі, мәдени-ағарту жұмысымен айналысады. 1928 жылдың желтоқсанында Қызылордадағы Қазақ ағарту институтының оқу-тәрбие жұмысының басқарушысы қызметіне орналасады. Кейін сол институттың Сәкен Сейфуллиннен кейінгі директоры болады. Ол осы қызметтермен қатар, шығармашылығын да қалыс қалдырған емес. Қоғамның олқылық тұстары жайлы ашына қалам тербеген жазушы фельетон мен оқшауларын, әңгімелері мен сатираларын «Жаңа әдебиет», «Қызыл Қазақстан», «Жаршы», «Балға», «Әйел тендігі» журналдары мен «Еңбекші қазақ» газетіне үздіксіз жариялап тұрады.

### **Шындықты шымшып жазған жазушы**

Кейін Қазақстанның астанасы Алматыға көшкен кезде Жиенғали «Сыр бойы» газетінде қызметте қалады. Айта кету керек, бұл газетті Жиенғали Тіліпбергеновтың өзі ашады. Газеттің басшылық, әрі тілшілік қызметін қатар алып жүрген ол көрген көз танып қоймасын деп, жорта киген жұпыны киімімен ел-жұртты аралап, көп өңірді кезетін болған. Ел ортасында жүріп, өзі куә болған күнделікті тұрмыстың олқылық тұстары мен қоғамның қитұрқылықтары жайлы көптің шымбайына батырып қалам тербейді. Әсіресе, кейіпкерлерінің атын атап, түсін түстеп астарында зіл жатқан әзіл-

шынымен шымшып жазған фельетондары газет беттерінде көп жарияланады. Шырқырап жазған шыншылдығы үшін жазушыны жауына балағандар мен өткір тілі өңмеңінен өтіп, бұл тірлігіне тісін қайрағандардың да қатары көбейе түседі.

### **Ашаршылықты ашып жазды**

Жиенғали арада бір жыл өткен соң Алматыдағы Қазақ мемлекет баспасына қызметке орналасады. Баспа жұмысымен қосымша Ленин шығармашылығымен айналысатын бұл институтта ол Сақтаған Бәйішев секілді ақтөбелік белгілі ғалымдармен жұмыстас болады. Олар өз заманының көсемі болып, өзін пайғамбарға балаған диктатор, Құран сөзін ұрлаған құдайсыз В. И. Лениннің шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Алайда көп ұзамай денсаулығы сыр беріп, қызмет істеуге мүмкіндігі болмай, 1931 жылдың аяқ тұсында елге оралады. Бұл уақытта оның сонау 1925 жылға дейін ауылдағы балаларды сауаттандыру жолында халықтың келешегі үшін жан-тәнімен аянбай еңбек етіп жүргенде шалдыққан өкпе дерті ұлғайып кеткен болатын. Нақтырақ айтқанда, Құдайберген досымен бірге Орқаштан мектеп ашып, онда оқитын ауыл балаларын арғы бетке өткізу үшін арнасынан тасыған өзенді жалаң денемен жалпылай кешкен ол өкпесіне осылай салқын тидірген-ді.

Елге оралған соң Темірдегі «Социалды майдан» газетінде редактор болып жүріп, Ақтөбедегі «Кедей» газетінің бір бөлімінде жұмыс істейді. Сырқатына қарамастан, қаламнан құдірет таныған журналист-жазушы Жиенғали 1931-1933 жылдардағы ашаршылық қасіретін ашына, ашып жазады, шындығын шынайылықпен жеткізеді. Сол зұлматты заманда аштықтан азған халықтың жағдайын шебер суреттейді. Қандыағаш қаласының басындағы теміржол вокзалында өзегін жарып шыққан өз туған қызын байкештерге бір уыс бидайға айырбастаған қазақтардың сұмдық әрекеттерін әшкерелейді. Осы бір ащы шындықты шығармаларының тақырыбына арқау етеді. Жазушының «Меруерт», «Қайран елім-ай» секілді әңгімелерінде сол нәубетті жылдар ашық та айқын баяндалады.

### **Дінге беріктігі**

Содыр саясаттың салдарынан зардап шеккен халықтың мұң-мұқтажын баспасөз бетінен түсірмеген қаламгердің ізін аңдушылар да көбейеді. Тіпті дәм-тұзы таусылар шағын төбесінен төніп отырып тосқан аудандық партия комитетінің озбыр өкілі оның ақырғы демін алғанына көз жеткізіп кетеді.

Тал бесіктен мұсылманша ілім-білім таныған Жиенғали ақтық демін алар сәтінде де «Алласын» аузынан тастамаған. «Жолдас, жаңылдыңыз» деп келеке еткен, құдайсыздыққа тәрбиелеген Кеңестік партияның шолақ белсенділеріне төс қалтасындағы партия билетін лақтыруы да – оның бойдағы бар дәрмені таусылғанымен, солақай саясатқа білдірген қарсылығы десе де болады. Әрі бұл жерде жазушының дініне беріктігі байқалады.

Жастайынан діни сауатын ашып, білімін шыңдаған Жиенғали шарифат негізін жетік меңгеріп өседі. Бірде жолдасы Құдайберген өзге біреуге атастырылып қойған сүйіктісін алып қашып кетіп, аяғы үлкен дауға айналған

бұл істі Жиенғали шариғи жолмен шешіп беріп, қос ғашықты табыстырады. Оның діни сауаттылығын осыдан-ақ аңғару қиын емес.

### **Соңғы хат**

Ол өлгенше үзеңгілес алаштық Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіровпен араласып, тіпті шалғай ауданда жүріп хат алысып отырған. Әсіресе, Жиенғали мен Бейімбеттің арасындағы достық ерекше... «Еңбекші қазақ» газетінде әр нөмір сайын екеуінің шығармалары кезекпен-кезек жарияланып тұрған.

Өмірде де, шығармашылық жолда да жолдас болған қос қаламгер туралы Бейімбеттанушы Серікқали Байменшиннің жазбасында:

«Бейімбетте көркем сөз мығым, ал Жиенғалида көсем сөз басым. Яғни, жазушылығынан журналистік қабілеті жақсы» деп баяндайды. Ал Асқар Тоқмағамбетовтың: «Бейімбет салмақты, Жиенғали қызуқанды» деп суреттегені бар.

Осылайша айнымас жолдас болған қаламгерлер бір-бірінен алшақ болса да, хат жазысып қарым-қатынастарын суытпаған. Жиенғали Ілияс Жансүгіровпен де жиі араласып, жақсы сыйласқан.

«Ілияс! Сен маған жазушылар дүниесінде не істеліп жатқанды айтып, менің делебемді қоздырасың, мені әурелеп қайтесің. Жүрегімді жандырып, арманымды ұлғайтып қайтесің! Көкірек сайрағанмен денедегі дәрмен ұрықсат етпегесін не керек?

«Ембі-Нефть»-тің Сібірлік ауданы Темірдегі (біздегі) бөлімнің жайынан «Нефть» деген темада пьеса жазбақшы болып бастап қойғанмен не керек? Ол энергияның ендігі қызығын қара жер көрмекші болып отырғасын не пайдасы бар?

Одан да сен былай ет: мені жазушымыздың бірі еді деп танысаңыз, мені өлгенше қайыр сұрамайтын, аштан өлмейтін етіп жазушылар одағы атынан, соның қорынан, соның күшімен маған дүниелік жәрдем қолдарыңды созыңдар. Өлгесін қатын-балама қарасам дегеніңіздің маған қажеті жоқ. Қарассаңыз, қазір қарасыңыз! Бұған дейін бұл сөзді айтуға да арланып: «Өлсем, жайыма өлейін» деп жүр едім, одақ басында сен отырғасын айтып жатқан әрі сырым, әрі мұңым ғой, айыптамассың!

Бейімбет арықтаса, арықтаған шығар. Өйткені ол хат жазуын тоқтатты. Бәлкім, бір жеті түнгі еңбегіме жабысып бәле болар деп, басын алып қашып, бойын аулақ салғысы келген болар. Сеннен гөрі екеуміз жақындау едік, қазір ол құдай ұрғанға сәлем айт. Олай қорықпасын, хат жазысарлық достығынан айырылмасын. Тағы да хат жаз! Істеп жатқан күрделі істеріңді айт, ең болмаса өлгенімше естіп жатайын. Жай-күйіңді айт. Қош!

Темір қаласы, Сакко-Ванцетти көшесі, №33 үй».

Бұл Ілияс Жансүгіровке жазған Жиенғалидің соңғы хаты. Ауыр сырқаты әбден меңдеген ол 1933 жылдың сәуір айында әрі аурудан, әрі аштықтан көз жұмады.

### **Баспаға жетпей тәркіленген құндылық**

Жазушы көз жұмар алдында әйелі Әлфияға қаламынан туған туындыларын Алматыдағы жолдастарына жеткізуді, кітап қылып басып шығаруды аманат

етіп кетеді. Бұл туралы жазушының балдызы Айман Атантаеваның мынадай естелігі бар:

«Жиенғалидың өсиеттерін орындау үшін апам екеуіміз ақылдасып, жездемнің бүкіл жинақтарын, үй-құрал заттарымызды багажға беріп, өзіміз Алматыға көшіп кеттік. Барғасын Жиенғалидың жолдастары апамды жақсы қарсы алып, үй беріп, өзін Қазиздатқа секретарь-машинистка етіп алды. Жездемнің қолжазбаларын кешікпей баспаға беріп, кітап етіп шығаратын болды. Оған біздер қуандық. Бірақ та бұл қуанышымыз ұзаққа бармады. Апам ажарлы әрі жас (28 жаста) еді. Жиенғалидың бір жолдасы апамға көз қырын салған. Оған апам көнбей, қатты сөздер айтқан. Ол кісі көнбегесін, ерегесіп, станция бастығына айтып, багажымызды бергізбей қойды. Алматыда 6 айға дейін багаж иесіне тимесе, торгке салып сатқызатын. Бір күні Жиенғалидың бір жолдасының үйіне барса, өзінің заттарын көреді. Жарыққа шығарам деп, көзінің қарашығындай сақтап жүрген Жиенғалидың қолжазбаларынан айырылып, әрі жұбайының қайғысын көтере алмай апам ауруға шалдықты. Кейін өзіне қастық істеген кісіні ұстап алып кеткенін естіп: «Мені жылатып еді, өзінің де бала-шағасы жылап қалыпты», — деді. (Ол кісінің атын ұмыттым). Апам 1936 жылы науқастан айыға алмай қайтыс болды». Осылайша қайратты қаламгердің дүниелері қолдан-қолға кетіп қор болады. Алайда, араға ғасыр уақыт салып оның шығармашылығы оқырманмен қайта қауышады.